Яғни, 1 желтоқсаннан бастап қылқан жапырақты - қарағай, шырша, арша тәрізді ағаштардың көшеттерін кесуге болмайды. Осы мақсатта ішкі істер бөлімімен бірлесе отырып 1 тұрақты бақылау бекеті, 5 жедел топ құрылып, кезекшілік кестесі жасақталып, күнделікті шолу жүргізілуде. Қылқан жапырақтыларды заңсыз кесу немесе орман қорындағы, сондай ақ өз бетімен өсіп шыққан ағаштарды зақымдауға, кесуге заңмен тыйым салынғанын еске сала саламыз!

А.ЖОЛАМАНОВ,
Орман өсіру инженері.

БІЛІКТІ МАМАН БОЛУ ӨЗІҢІЗДЕН...

Ағымдағы жылдың 12 желтоқсан күні ҚР Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен Ойыл аграрлық колледжінде студенттермен кездесу өткізілді. Кездесуге Ойыл ауданы өкімі аппаратының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің басшысы Гүлнұр Дүсіпова қатынасып, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «Ұлт жоспары - бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасының 10-қадамында «Мемлекеттік қызметкерлерді мансаптық жоғарылау үшін конкурстық негізге көшу. «Б» корпусының жоғары лауазымдарына жылжыту төменгі лауазымдағы мемлекеттік қызметкерлер қатарынан тек қана конкурстық негізде жылжыту есебінен меритократия қағидатын нығайту жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатқанына тоқталды. Сонымен қатар, Ойыл аудандық халыққа қызмет көрсету бөлімінің басшысы Айбек Бақтыгереев колледж студенттеріне мемлекеттік жүйені қалыптастырып,

мемлекеттік қызметті нығайтуда мемлекеттік қызметшілердің білімді де, білікті маман болуында екеніне нақты тоқталып өтті.

Жуырда ғана Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мемлекеттік қызметшілер арасында «Елге қызмет ету-мінезден» тақырыбында өткізілген ой додаға қатынасып, «Үздік бейне ролик» номинациясына ие болғанын айтқан Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Гүлзат Жеткергенқызы колледж студенттеріне болашақта осындай ел абыройын асқақтатын додаларға қатысып жеңімпаз болуларына тілегін білдірді. Осындай жетістіктерге жетіп, өз еліне адал қызмет ету үшін білімді студент атанып, болашақта мемлекеттің биліктің бір тізгінін ұстауға сәттілік тіледі. Кездесу соңынан Гүлнұр Дүсіпова студент жастарды жеке қабылдап, олардың сауалдарына толыққанды жауап берді.

Әсел СИСЕНОВА,
Ойыл селосы.

Люди меняют города и страны. Часто миграция населения связана со сменой работы и рода занятий. Помимо оформления трудовых отношений предусмотрены нормы пенсионного обеспечения. Особенно это актуально для трудящихся государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС), поскольку именно между этими странами особенно активно происходит трудовая миграция. На вопросы о том, как формируются пенсионные права граждан государств-членов ЕАЭС, рассказывает **заместитель директора департамента организации выплат и информирования АО «ЕНПФ» Гүлмира Кимолоаева.**

Гүлмира Кенжебековна, каким документом будет урегулированы

трудоустройства, а также реализация права на назначение и выплату пенсии на тех же условиях, что и для граждан государства трудоустройства.

Учитывая, что каждое государство-член ЕАЭС будет выплачивать гражданину часть пенсии, адекватную периоду работы и отчислением пенсионных взносов в стране-трудоустройства, необходимо, чтобы трудящиеся официально оформляли трудовые отношения с работодателями в государствах-членах ЕАЭС, то есть заключали трудовые, гражданско-правовые договора, тем самым формировали свои пенсионные права.

На какие виды пенсий могут претендовать граждане стран ЕАЭС

трудоустройства, а также реализация права на назначение и выплату пенсии на тех же условиях, что и для граждан государства трудоустройства.

Учитывая, что каждое государство-член ЕАЭС будет выплачивать гражданину часть пенсии, адекватную периоду работы и отчислением пенсионных взносов в стране-трудоустройства, необходимо, чтобы трудящиеся официально оформляли трудовые отношения с работодателями в государствах-членах ЕАЭС, то есть заключали трудовые, гражданско-правовые договора, тем самым формировали свои пенсионные права.

Учитывая, что каждое государство-член ЕАЭС будет выплачивать гражданину часть пенсии, адекватную периоду работы и отчислением пенсионных взносов в стране-трудоустройства, необходимо, чтобы трудящиеся официально оформляли трудовые отношения с работодателями в государствах-членах ЕАЭС, то есть заключали трудовые, гражданско-правовые договора, тем самым формировали свои пенсионные права.

Учитывая, что каждое государство-член ЕАЭС будет выплачивать гражданину часть пенсии, адекватную периоду работы и отчислением пенсионных взносов в стране-трудоустройства, необходимо, чтобы трудящиеся официально оформляли трудовые отношения с работодателями в государствах-членах ЕАЭС, то есть заключали трудовые, гражданско-правовые договора, тем самым формировали свои пенсионные права.

Учитывая, что каждое государство-член ЕАЭС будет выплачивать гражданину часть пенсии, адекватную периоду работы и отчислением пенсионных взносов в стране-трудоустройства, необходимо, чтобы трудящиеся официально оформляли трудовые отношения с работодателями в государствах-членах ЕАЭС, то есть заключали трудовые, гражданско-правовые договора, тем самым формировали свои пенсионные права.

Учитывая, что каждое государство-член ЕАЭС будет выплачивать гражданину часть пенсии, адекватную периоду работы и отчислением пенсионных взносов в стране-трудоустройства, необходимо, чтобы трудящиеся официально оформляли трудовые отношения с работодателями в государствах-членах ЕАЭС, то есть заключали трудовые, гражданско-правовые договора, тем самым формировали свои пенсионные права.

Учитывая, что каждое государство-член ЕАЭС будет выплачивать гражданину часть пенсии, адекватную периоду работы и отчислением пенсионных взносов в стране-трудоустройства, необходимо, чтобы трудящиеся официально оформляли трудовые отношения с работодателями в государствах-членах ЕАЭС, то есть заключали трудовые, гражданско-правовые договора, тем самым формировали свои пенсионные права.

Учитывая, что каждое государство-член ЕАЭС будет выплачивать гражданину часть пенсии, адекватную периоду работы и отчислением пенсионных взносов в стране-трудоустройства, необходимо, чтобы трудящиеся официально оформляли трудовые отношения с работодателями в государствах-членах ЕАЭС, то есть заключали трудовые, гражданско-правовые договора, тем самым формировали свои пенсионные права.

Учитывая, что каждое государство-член ЕАЭС будет выплачивать гражданину часть пенсии, адекватную периоду работы и отчислением пенсионных взносов в стране-трудоустройства, необходимо, чтобы трудящиеся официально оформляли трудовые отношения с работодателями в государствах-членах ЕАЭС, то есть заключали трудовые, гражданско-правовые договора, тем самым формировали свои пенсионные права.

Учитывая, что каждое государство-член ЕАЭС будет выплачивать гражданину часть пенсии, адекватную периоду работы и отчислением пенсионных взносов в стране-трудоустройства, необходимо, чтобы трудящиеся официально оформляли трудовые отношения с работодателями в государствах-членах ЕАЭС, то есть заключали трудовые, гражданско-правовые договора, тем самым формировали свои пенсионные права.

«АНА ТІЛІ - ҰЛТЫМЫЗДЫҢ АНАСЫ»

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІМІЗ Н.Ә.НАЗАРБАЕВ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ-ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ. АТА ТІЛІ - БӘРІМІЗДІҢ АНАМЫЗ, ҰЛТЫМЫЗДЫҢ АНАСЫ» - ДЕП АТАП КӨРСЕТКЕНДЕЙ, БІЗ АНА ТІЛІМІЗДІҢ ТУҒЫРЫНЫҢ МЫҚТЫ БОЛУЫНА НЕПІЗ ҚАЛАҒАН БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ӨСИЕТІН ҰРАН ЕТІП, МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУІМІЗ КЕРЕК. ОЛ ҮШІН ӨЗ ДІНІМІЗДІ, ТІЛІМІЗДІ ҚАСТЕРЛЕП, ҚҰРМЕТТЕЙ БІЛУІМІЗ КЕРЕК. ОҒАН ДӘЛЕЛДІ БИ-ШЕШЕНДЕРІМІЗДІҢ БІРНЕШЕ ЖЫРЛАРЫНАН АҒҒАРУЫ-МЫЗҒА БОЛАДЫ.



Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрылады. Шешендік сөздер - қоғам өміріне, табиғат құбылыстарына байланысты терең ой, бейнелі шебер тілімен айтылған халық шығармасы, тапқырлық сөздер мен тұжырымдар, қазақ ауыз әдебиетіндегі шағын көлемдегі дидактикалық жанр.

Осы орайда Ойыл аудандық балалар кітапханасында «Таза мінсіз асыл сөз» атты аудандық оқушылар арасында байқау өтті. Байқаудың басты мақсаты-мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, шешендік өнерді насихаттау, дамыту. Байқауға 11 мектептен 11 оқушы қатысты.

Байқау талабының бірінші бөлімінде үміткерлер сөлемдесу арқылы өздерін көпшілікке таныстырса, «Өнерге өркімнің-ақ бар таласы» деген екінші бөлімде би-шешендердің сөздерінен үзінділер, қиссалар, дастандар айтудан сайысқа түсті. Үшінші бөлім «Таза мінсіз асыл сөз» деп аталды. Бұл турда қатысушылар жұмбақтап айтылған шешендік

сөздердің, мақал-мәтелдердің мән-мағынасын толық түсіндірді.

Әр бөлімнен мүдірмей өткен қатысушыларымыз көрермендердің көңілінен шыға білді. Сөлемдесу бөлімі бойынша әр қатысушы өздерінің ұшқыр қиялдарынан жаңаша бір дүниелер ойлап тауып, жан-жақты таныстырды. «Таза мінсіз асыл сөз» бөлімі бойынша жұмбақтап айтылған сөздердің мағынасын барынша өз ойларымен жан-жақты талқылап берді. Байқауда қатысушылар өздерінің тыңғылықты дайындықпен келгенін көрсетіп, бір-бірінен қалыспай оза шапты. Қазылардың шешімімен үшінші орын Көсембай негізгі мектебінен келген Ақнұр Нұрлыбековаға бұйырса, екінші орынға Саға мектеп-балабақшасының оқушысы Жібек Рысқұлова мен Қаракемер мектеп-балабақшасының оқушысы Назерке Елемесовалар иеленді. Ал, бас жүлде Ш.Берсиев атындағы орта мектебінің оқушысы Әділет Елеуовтің еншісіне тиді.

Әсел СИСЕНОВА,
Ойыл селосы.

подавать?

К примеру, если гражданин РФ после вступления в силу Соглашения будет работать в Казахстане по трудовому или гражданско-правовому договору, то он будет участвовать в накопительной пенсионной системе путем ежемесячного перечисления пенсионных взносов в ЕНПФ в порядке и на условиях, которые установлены национальным пенсионным законодательством Республики Казахстан.

При этом получить свои пенсионные накопления он сможет только при достижении пенсионного возраста по законодательству Республики Казахстан или при установлении инвалидности 1 и 2 групп, если инвалидность установлена

сию на счет ЕНПФ в тенге, которые ЕНПФ будет перечислять на банковский счет получателя.

Каким образом будет взаимодействовать компетентные органы стран ЕАЭС (пенсионные фонды) при назначении и выплате пенсии?

Взаимодействие компетентных органов будет урегулировано отдельным документом, а именно Порядком взаимодействия между уполномоченными органами, компетентными органами и ЕЭК по применению норм Соглашения (далее – Порядок), который сейчас разрабатывается ЕЭК совместно с государствами-членами и вступит в действие одновременно с Соглашением.

В рамках Порядка ЕЭК совместно

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Тарихпен бірге жалғасып келе жатқан рухани байлықтардың бірі - отбасы құндылықтары. Біздің рухани құндылықтарымыздың негізі де осы отбасылық дәстүрімізде жатыр десек қателеспеген болар едік. Халқымыздың «Отан отбасынан басталды» - деген қарапайым қағидаты қай дәуірде болсын өзгерген емес. Әр отбасындағы баланың тәрбиесі мен түрлі қарым-қатынастың орнығуы арқылы жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады. Кейбір отбасыларында ешқандай балаға деген тәрбие жүргізілмей, балалары тиісті тұлға болып қалыптасуына өз кедергілерін тигізіп жататын жайттар да кездеседі.

Аудандық сотта отбасы тұрмыстық қатынастары бойынша істер қаралып, яғни кекедегі адамдар бірі-бірімен келісе алмай ренжісіп, бірнеше рет келіп жатады. Бұл жайттар отбасының шырқын бұзып, балаға психикасына кері әсерін тигізері анық. Ата-ананың баламен кез-келген қарым-қатынас түрінің тәрбиелік маңызы бар. Тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы бола отырып, қарым-қатынас үлкен педагогикалық мүмкіндіктерге ие.

Сонымен қатар, бір отбасындағы адамдар бір-бірімен болмашы нерсеге бола ренжісіп, арты ажырасуға немесе ағайынды адамдар бір-бірін көрмеуге дейін апаратын жайттар болып жатады. Осындай келеңсіздіктер орын алған жағдайда оларға ақылын айтып, отбасын немесе ағайындықты бұзбау негізінде ақыл кеңестер айтылса аталған жайттар азаяр еді. Осы аталған жайттар орын алған жағдайда оларға өздерінің ақыл кеңестерін, отбасын және татулықты сақтау мақсатында Ойыл аудандық сотының бастамасымен 2019 жылдың 15 қазан күні аудан өкімінің №455

өкімімен аудандағы ардагерлер, психолог, медиатор, аудандық қорғаншылық және қамқоршылық бөлімінің мамандары және беделді азаматтар мен құқық қорғау органдары өкілдерінен тұратын арнайы комиссия құрылды. Осы аталған комиссия отбасы және көмелетке толмаған балалардың құқықтары жөнінде өз кеңестерін беріп, жеке тұлғаның тағдырын анықтайтын, оның әлеуметтенуіне әсер ететін әлеуметтік-мәдени институт ретінде қызмет атқарады.

Отбасында қандай да жанжал туындаған жағдайда, тараптар «Дауларды сотқа дейін реттеу» және «Отбасылық кеңес» жобалары негізінде құрылған жоғарыда аталған комиссияға жүгінуге құқылы. Яғни осы аталған жобалардың қарапайым халық үшін қызмет ететіні, азаматтардың уақытын тиімді пайдалануына өз септігін тигізері анық.

Отбасы – қоғамның бастапқы ұясы болғандықтан, ол әлеуметтік дамуда маңызды роль атқаратын құрылым маңызы бар. Тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы бола отырып, қарым-қатынас үлкен педагогикалық мүмкіндіктерге ие.

Отбасы – бірлік пен берекенің, кіршіксіз тазалық пен адамгершіліктің қасиетті ордасы. Осындай береке мен бірлікке толы, құрметті де, сыйлы отбасының қалыптасуына жас ұрпақтың бойында қалыптасқан отбасы құндылығы жайлы түсініктердің қалыптасуы – олардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына, ой-түсініктері мен бағамдарына, өз отбасынан алған тәрбиесі мен дүниетанымына тікелей байланысты болып келеді.

С.ТАНИМОВА,
Ойыл аудандық сотының төрағасы.

ГРАФИК ПРОВЕДЕНИЯ ОБЯЗАТЕЛЬНОГО ТЕХНИЧЕСКОГО ОСМОТРА МЕХАНИЧЕСКИХ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ И ПРИЦЕПОВ К НИМ МОБИЛЬНОЙ ЛИНИИ ЦТО ИП «НИГАМАТОВ А.Н.» ПО УИЛСКОМУ РАЙОНУ НА 2020 ГОД.

№	Наименование населенных пунктов	Период (дата) проведения обязательного технического осмотра	Место проведения обязательного технического осмотра	Режим работы
1	Уил	03.01.2020-19.05.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00
2	Коптогайский с/о	20.05.2020-22.05.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00
3	Уил	23.05.2020-30.06.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00
4	Караталский с/о	01.07.2020-03.07.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00
5	Уил	04.07.2020-14.07.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00
6	Каройский с/о	15.07.2020-17.07.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00
7	Уил	18.07.2020-18.08.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00
8	Коптогайский с/о	19.08.2020-21.08.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00
9	Уил	22.08.2020-08.09.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00
10	Караталский с/о	09.09.2020-11.09.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00
11	Уил	12.09.2020-13.10.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00
12	Каройский с/о	14.10.2020-16.10.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00
13	Уил	17.10.2020-31.12.2020	Согласовать с акиматом	с 9.00-18.00

АҒИБА АСҚАТҚЫЗЫ АСҚАРОВА

Өзінің саналы ғұмырын ауданның медицина саласына арнаған Ағиба Асқарова быылғы жылдың 13 желтоқсаны күні 75 жасында өмірден өтті.

Ағиба Асқатқызы 1944 жылы 6 қараша күні Ойыл ауданының Саралжын ауылдық советінде дүниеге келген. Мектеп бітірген соң, Ақтөбе медициналық училищесіне түсіп, оны 1965 жылы тәмамдады. Сол жылы еңбек жолын өзінің туған ауылы Саралжын ауылдық советінің 1 фермасында фельдшер болып бастады. 1974 жылы отбасы жағдайымен Темір ауданына қоныс аударып, үш жыл Шұбарқұдық кентінде фельдшер болып еңбек етті. 1978 жылдан зейнеткерлікке шыққанша Ойыл орталық аудандық ауруханасының жедел жәрдем бөлімшесінде фельдшерлік қызмет атқарды. Медицина саласындағы ұзақ жылғы еңбегі ескеріліп, 1988 жылы «Ветеран труда» медалімен марапатталды. Одан бөлек, аудан, облыс, республикадан алған алғыс хаттары мен құрмет грамоталары Ағиба Асқатқызының өз мамандығын жүрегімен сүйген маман екенінің айғағы. Қызығынан қиындығы басым салада қиналғанға қолұшын созып, жабыққанды жұбатып, тарыққанды демеп, талай адамның өміріне араша болған Ағиба Асқатқызының еңбек жолы ізбасарларын өнегелі үлгі.

Қашанда жауапкершілікті жоғары қойып, өз ісіне тиянақты, адал қызметімен абыройға бөленген Ағиба апай жұбайы Амангелді екеуі жеті бала тәрбиелеп өсірді.

Ағиба Асқатқызының қаза болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарының қайғыларына ортақтасып, ортақтасып көңіл айтамыз! Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Ойыл аудандық ауруханасының ұжымы



Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1620 дана. Тапсырыс №1599 Келемі 1 баста табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

КӨКПАР НАМЫСТЫҢ ОЙЫНЫ

ЖУЫРДА ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ӨТКЕН КӨКПАР ДОДАСЫНА АҚТӨБЕ «КӨКПАР» ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ, ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ МҮШЕСІ, ЖЕКЕ КӘСІПКЕР ФАРХАТ СӘРСЕНБАЙҰЛЫ АРНАЙЫ ҰЙЫТҚЫ БОЛДЫ.



Біз көкпар басталмас бұрын Фархат Сансызбаймен арнайы тілдескен едік. Ендеше Фархат Сансызбаймен болған өңімеге тоқталсақ: «Ойыл ауданында ат спорты соңғы жылдары ілгері дамып келеді. Оның басты күесі аударыспақтан республика деңгейінде топ жарып жүрген Ринат Смағұлов, Қуанышбек Төлегенов сынды жігіттердің өнері. Көкпаршыларға қолдау көрсету мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысынан арнайы ат өбзелдерін әкелдім. Оған қоса ұлттық спорттың, оның ішінде ат спортының

аясын кеңейтіп, оны халық арасында кеңірек насихаттау мақсатында қаржылай көмегімді де көрсетіп отырымын. Ендігі кезекте көкпарға тоқталсам, ол жігіттеріміздің тақымынан серкені бермеуі емес, қолдан намысты бермеуге ұлттық рухты көтеруге тәрбиелейді. Сондықтан ат спортының қай-қай түрін болмасын өңірімізде дамыту біздің рухани жаңғыруымыздың айғақты көрінісі болмақ», - дейді.

Әрі қарай жалғасақ, Көкпардың ашылу салтанатында аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев

жиылған жұртшылықты Тәуелсіздік күнімен құттықтап, барша көкпаршыларға сәттілік тілесе, Амантұрлы ақсақал ат спортын ұлықтап, атқа қонған азаматтарымызға ақ батасын берді. Амангелді, Қаракемер және Ақтөбе облысынан арнайы келген көкпаршылар арасынан алғашқы салымды қаракемерлік Қуанышбек Төлегенов салды. Көкпар алаңында 15 сәйгілдікті тақымына қысқан көкпаршылар 2 сағат бойы бақтарын сынады. Көкпаршылар өр салымды салған сайын ат спортының жана-шырлары демеушіліктерін тоқтатпады. Ақтөбе «Көкпар» федерациясының президенті Фархат Сәрсенбайұлы мен жергілікті ат спортының



жанашырлары жалпы саны отызға жуық салымға демеуші болды. Желтоқсан айының қақ ортасы болғанымен көкпар додасының дүбірлей өтуіне ауа райы да қарасып тұрды. Ашық аспан астында ат үстінде бойында намыс оты қайнаған жігіттеріміз расында қазақ деген ұлттың нағыз қайсарлығын көрсете білді.

P.S. Тағы бір айта кетерлігі, ұлттық спортты насихаттап жүрген көкпаршыларға ризашылығын білдірген Ойыл ауылдық округі өкімдігі түсік аспен қамтыды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

Ойыл

Құттықтау

Ойыл ауданының тұрғыны
Ермағамбетов Қанат Болатұлы
Құрметті Қанат Болатұлы!
Мүшел жасың құтты болсын. Жас та болсаңыз, өзіңіздің еңбек етіп жүрген салаңызда білікті де, білгір маман ретінде танылып үлгердіңіз. Осы атаулы күнде отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, еңбеңізге жеміс тілейміз.
Құрметпен Ойыл БЖСМ ұжымы!

ОЙ-ДОДАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ ОЙЫЛДЫҚ



Жуырда ғана Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ұйымдастыруымен мемлекеттік қызметтің беделін арттыру және моральдық-әдептік құндылықтарды ілгерілету мақсатында мемлекеттік қызметшілер арасында Республика деңгейінде «Елге қызмет ету - мінезден» тақырыбында ой додасы өткізілген болатын.

Ой доданы ұйымдастыру және оның жеңімпазын анықтау үшін Парламент депутаттары мен қоғамдық ұйым және БАҚ өкілдері арасынан конкурстық комиссия жеңімпаздарды анықтады. Облыста өткен ой-додасынан жүлделі І орынды еншілеген Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Гүлзат Жеткергенқызы Нұр-Сұлтан қаласындағы республикалық байқауға жолдама алған еді. Республика бойынша 200 мемлекеттік қызметші қатысып бақтарын сынаған «Елге қызмет ету - мінезден» атты ой дода республикалық байқауында ұшқыр ойымен терең білімімен көзге түсіп, еңбегінің жемісі еселенген Гүлзат Жеткергенқызы І орынды иеленіп, ауданымызбен қатар облысымызға да үлкен қуаныш сыйлады.

Байқау мемлекеттік қызметкерлер арасында моральдық-этикалық құндылықтарды насихаттауға және

олардың шығармашылық өлеуетін дамытуға, мемлекеттік қызметшілердің өз еліне адал қызмет етуін, мемлекеттік қызметшілер мен азаматтар арасындағы қатынастар жүйесіне, мемлекеттік қызметшілердің жұмысына жауапкершіліктен қарауды күшейтуге, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға, патриоттық сезімді арттыруға бағытталған болатын. Бұл байқауға қазылық еткен Агенттік төрағасының орынбасары Дархан Жазықбаев, Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, Qazaqstan телеарнасының бас редакторы Серікзат Дүйсенғазы және «Мемлекет, банк және мемлекеттік қызметшілер көсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мирболат Жақыпов «Мемлекеттік қызметшілердің халық игілігі үшін жемісті қызметісіз елімізде жетістік пен өркендеуге қол жеткізу мүмкін емес. Арамызда осындай жаңа идеяларды іс жүзінде қолдана білетін үлгілі мемлекеттік қызметкерлер барына қуанамын» - деген пікірін қуанышпен жеткізген. Ендеше мемлекеттік қызметін адал атқарып, аудан мәртебесін асқақтатқан Гүлзат Жеткергенқызын барша жерлестерінің атынан құттықтаймыз! Жарайсың, Гүлзат!

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

Газетіміздің кепесі саны
28 желтоқсан сәні қңі
жарыққа шығады.

НҰРБЕК - «XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ»

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ АРАСЫНДА ДЕНЕ МЕН ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫСТЫ ШИРАТАНДАРЫМЕН ҚАТАР, АДАМНЫҢ ТАНЫМЫН, ОЙЫН ЖЕТІЛДІРЕТІН ТҮРЛЕРІ ДЕ ЖОҚ ЕМЕС. САУЫҚ КЕШТЕРДЕ ЖАСТАР БІЛГЕНІМЕН ОЙ ӨРІСІН ШЫНДАУ МАҚСАТЫНДА БІР-БІРІНЕ ЖҰМ-БАҚТАР ЖАСЫРЫП, ТАБАН АСТЫ АЙТЫСТАР ҰЙЫМДАСТЫРЫП, СӨЗ ЖАРЫСТЫРЫП, КҮЙМЕН САЙЫСТАРЫН ҰЙЫМ-ДАСТЫРҒАНЫ БЕЛГІЛІ. АЛ БІЛІМ СЫНАУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ОСЫ ЗАМАННЫҢ ОЙЫНЫ - XXI ҒАСЫР ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНЫ. БҰЛ ОЙЫН БІЛІМНІҢ ҮЛКЕН ТАБЫСҚА, БИІК ШЫҢДАРҒА БАҒЫТТАЙТЫН КҮШ ЕКЕНДІГІН РАСТАЙТЫН ОЙЫН.



Бұл білгенінің арқасында тасы өрге домалайтын, білмегені болса, үйренісі келетін көпшілікке арналған ойын. Біздің елімізде осындай добаға қатысып бақ сынап, білімдерін паш ететін жастар жетерлік. Солардың бірі ауданымыздың мақтанышы, ел мақтар азаматымыз Нұрбек Төлегенов. Былтыр оқу жылын «Алтын белгімен» аяқтаған ол мектеп қабырғасында жүргенде-ақ өрттеніп қоғамдық іс-шараларға белсену араласып, түрлі деігейдегі байқауларда бағын сынап, шыңдалған жігіт. Қазір Жөңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Ветеринарлық медицина және

мал шаруашылығы» институтының «Ветеринарлық медицина» мамандығына мемлекеттік грант негізінде оқып жатыр.

Жуырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауын жастар аясында кеңінен насихаттау мақсатында студенттер арасында «XXI ғасыр КӨШБАСШЫСЫ» ойыны өткен еді. Сол байқауда өзінің білімін сынаған Нұрбек жеңімпаз атанды. Ұшқыр ойымен жүзден жуырік шыққан жігіттің жеңісі Ойылдың мерейін тағы бір тасытып!

Әсел Сисенова.

ОЙЫЛДЫҚ ӨРЕНДЕР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



БИЫЛҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІН ОЙЫЛДЫҢ 14 БАЛАСЫ ЕЛІМІЗДІҢ ЖҮРЕГІ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА ҚАРСЫ АЛДЫ. Яғни, ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БАЛАЛАР МУЗЫКА МЕКТЕБІНІҢ ӨНЕРПАЗДАРЫ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН «АЯУЛЫ АСТАНА» АТТЫ ХАЛЫҚ-АРАЛЫҚ БАЙҚАУҒА ҚАТЫНАС-ТЫ. БОЙЫНА ШЫҒАР-МАШЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМДІ ҚАТАР АЛЫП ЖҮРГЕН ӨРЕНДЕРІМІЗ ЕЛІМІЗДІҢ РУХ КӨТЕРІН ПАТРИОТТЫҚ ӨНДЕРІН КИЕЛІ САХНАҒА АЛЫП ШЫҒЫП, КӨР-КЕМДЕП ОРЫНДАУ АРҚЫЛЫ ҚАН-ШАЛЫҚТЫ КЕРЕМЕТ ӨННІҢ СӨЗ-ДЕРІН БОЙЛАРЫНА СІҢІРІП ҚАЙТ-ТЫ.

Жас өнерпаздарды шығармашылыққа баулып, талабын ұштап, өнер мәдениетін ұғындыру, алға қойған мақсатқа жету жолдарын

үйрете білу және өнерлерін шыңдауды көздеген байқауға Қазақстан мен көршілес жатқан бірнеше елден де өнерлі жастар келді.

Қатысушылар байқауға дәстүрлі өн және вокалды өндерді орындау арқылы сайысқа түсті. Сонымен қатар ауданымызда көптеген жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болып жүрген Үлгілі «Маржан» би тобы да осы байқауға қатынасты.

Байқауға өнерпаздарымыз халық өндерін шырқап көрермендердің көңілінен жол таба білді. Нәтижесінде дәстүрлі өн айтудан Жамбылдың «Төгейін жырдан халқыма» термесін орындаған Елібай Өлімжан мен Нұрпейіс Байғаниннің «Еңбек» термесін Алмас Жақасов орындап жүлделі 1-орынды иеленсе, ал вокал жағынан «Әке-Ана» өнін орындаған Бекзат Естайұлы мен Мансур

Магданов 2-орынға қол жеткізді. Ал «Құрбылар» биін билеген Үлгілі «Маржан» би тобы 2 орынды жеңіп алды. Байқау соңында жеңімпаздарды «Astana Stars» ұйымдастыру комитетінің құрылтай-шысы А.Құсайынованың дипломымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Өнерпаздардың өнерлерін Нұр-Сұлтан тұрғындары жылы қабылдап, сүйсіне қошемет білдірді. Жас та болса, өз өнерлерін паш етіп, аянбай тер төгіп, бар болмыстарымен елінің арқаалаған үмітін ақтау үшін барынша тырысып жеңіспен оралған өнерпаздарымызды осы байқауға дайындап шыңдаған жетекшілері Теңел Омаров пен Бұлбұл Шеутенова және Назерке Халидаулыналардың еңбегі ұшан-теңі!

Әсел СИСЕНОВА,
Ойыл селосы.

ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛДЫҚТАР ЖӘНЕ АУДАН ҚОНАҚТАРЫ! СІЗДЕРДІ «ЖАҢА ЖЫЛ» МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДА ӨТЕТІН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

№	Іс-шараның атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1.	Аудандық мәдениет үйінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің балаларына арналған « Балаларға базарлық » атты ертеңгіліктер	24-31 желтоқсан аралығы 9.00-18.00	Аудандық мәдениет үйі
2.	Мүмкіндігі шектеулі және әлеуметтік жағынан қорғалатын балаларға арналған аудан өкімінің жаңа жылдық шыршасы	25 желтоқсан сағат: 11.00	«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
3.	Оқуда озат балаларға арналған аудан өкімінің Жаңа жылдық шыршасы	25 желтоқсан сағат: 11.00	«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
4.	Білім және спорт саласының жыл қорытындысына арналған шара	26 желтоқсан сағат: 18.00	«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
5.	«Жастар жылын» қорытындылау үшін « Youth Fest - 2019! » атты жастар фестивалі	28 желтоқсан сағат: 17.00	«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
6.	« Төрлет, Жаңа жыл! » атты мерекелік «Көгілдір от» Жаңа жылдық думан көші	29 желтоқсан сағат: 20.00	«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
7.	Ауданның 2019 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысына арналған шара: - Мерекелік құттықтаулар; - Жыл қорытындысы бойынша «Ойыл ауданының жыл адамы - 2019» марапаттау; - Мерекелік концерттік бағдарлама	30 желтоқсан сағат 17.00	«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
8.	Жаңа жылдық ұтыс ойындары	31 желтоқсан сағат: 10.30	Аудандық мәдениет үйінің алдында
9.	« Қош келдің, Жаңа 2020 жыл! » атты мәдени-көпшілік шара	31 желтоқсан сағат: 20.00	Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы орталық саябақ
10.	Мерекеге арналған Жаңа жылдық отшашу	31 желтоқсан сағат: 22.30	Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы орталық саябақ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының негізгі сипаты – өткен мен болашақты үйлестіре отырып жүзеге асыру болса, халқымыздың қазынасы, жанды тарихы, ұрпақтан ұрпаққа мирас болған шежіремізді жаңғырту болмақ. Шежіре өлі мен тірінің тізімі емес, рудын, халықтың, ұлтың тарихи жады. Ұлттың тарихи жадының міндетін атқарып келген қазақтың ауызша тарихы - шежірешілдік дәстүрі XX ғ.ортасынан бастап саяси жазба тарихымен алмастырылып, ұлттың тарихи жады да, тарихи санасы да көмескілене бастады. Сол олқылықтың орнын толтыру мақсатында «**Он екі ата Бай ұлы, Ысық руының шежіресін**» жинап жүйелеумен айналысудамыз. Ысық руынан шыққан елге, жерге, ұлтқа, мемлекетке қызмет еткен, ерекше қабілет – қасиетімен есімі елдің жадында сақталған тұлғалар туралы жазбаша, ауызша деректермен ата-тек шежіре жинаймыз.

Тарихшы, шежіретанушы Жұмағұлов Марат Дәулетбайұлы.
тел/ватцап: 8 775 265 02 20, электронды адресі: mar-jum67@mail.ru